

Ақмола облысы білім басқармасының
жанындағы «Есіл» қаласы, агротехникалық колледжінің
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Оқу - әдістемелік бірлестік отырысында
қаралды және мақұлданды
Рассмотрена и одобрена на заседании
учебно-методического совета
№ хатшысы/ протокол № 5 от «28» «08» 2020г.
ОБ-тарапынан/Председатель МС Мырзабекова

Бекіріміз
директордың оқу жұмысы мен бағамы бөлім басшысы
Утв. _____
Заместитель директора по учебной работе
от «28» _____ 2020г.



Оқу жұмыс бағдарламасы
Рабочая учебная программа

Пән / Дисциплина	Қазақ тілі мен әдебиеті
Мамандығы Специальность	0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» «Организация питания» 1504000 «Фермерлік шаруашылық» «Фермерское хозяйство» 1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» «Техническое обслуживание, ремонт и эксплуатация автомобильного транспорта» 0504000 «Фермерлік шаруашылық» «Фермерское хозяйство»
Біліктілігі Квалификация	050801 2 «Аспаз» «Повар» 150406 2 «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы- машинисті» «Тракторист-машинист сельского хозяйственного производства» 120107 2 «Автомобиль жөндеу бойынша слесарі» «Слесарь по ремонту автомобилей» 050401 2 «Бухгалтер» «Бухгалтер»
Оқу түрі Форма обучения	күндізгі очная
Базасында На базе	негізгі орта білім беру основного среднего образования
Жалпы сағат саны Общее количество часов	140
Әзірлеуші/ Разработчик	Мырзабекова Самал Куанышбековна
Қолы/ Подпись	

Мазмұны

№	Атауы	Беті
1	Түсіндірме жазба	3
2	Пәннің тақырыптық жоспары	5
3	Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері	11
4	Әдебиеттер мен оқу құралдарының тізімі	36

Түсіндірме жазба Пояснительная записка

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес әзірленген.

Оқу бағдарламасында ұсынылған әдебиеттер тізбесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығы негізінде жасалған.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту негізінде білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру, тіл нормаларын сақтап, еркін сөйлеу және сауатты жазу дағдыларын дамыту, мемлекеттік тілге құрметпен қарауын қалыптастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің негізгі міндеттері:

- 1) қазақ тілі мен әдебиеті пәніне құндылық ретінде қарауды қалыптастыру;
- 2) коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамыту;
- 3) қазақ әдебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізінде шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлаудағы дағдыларын дамыту;
- 4) білім деңгейі жоғары, полимәдениетті, ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Жаратылыстану-математика бағытындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқу бағдарламасы 26 бөлімді құрайды: «Еңбек нарығы және сұраныс», «Отандық өнеркәсіп өнімі», «Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті», «Ұлттық экологиялық мәдениет», «Мұхит – тіршілік мекені», «Ұлттық таным және мерекелер», «Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда», «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне», «Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар», «Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек», «Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы», «Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік», «Қоғам және заң», «Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік», «Экология. Мұнай және атомдық индустрия», «Тіл. Өнер. Әдебиет», «Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі», «Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі», «Ұлттық театр – өнер ордасы», «Туризм: Экотуризм», «Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі», «Жастар мәселесінің түйіпкілдері», «Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты», «Толеранттылық-елбірлігі», «Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік», «Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші».

Қазақ тілі мен әдебиеті оқу пәнінің оқу жүктемесі 140 сағатты құрайды.

Жұмыс оқу жоспарында жаратылыстану-математика пәндерінің жалпы білім беретін пәндері бойынша ОМҰ ұсыныстары негізінде оқу уақытының жалпы саны бөлімдер мен тақырыптарға қайта бөлінді (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен). 2020 жылғы 15 шілдедегі №1 хаттамасы.

Қалыптастырылатын құзыреттіліктер:

- сыни тұрғыдан ойлау қабілеті;
- білімді шығармашылықпен қолдана білу;
- мәселелерді шеше білу;
- зерттеу дағдылары;
- коммуникативтік дағдылар (оның ішінде тілдік дағдылар);
- топта және жеке жұмыс жасау мүмкіндігі;
- АКТ-ны қолдану дағдылары.

Постреквизиттер

Бұл пәнді оқу үшін студенттерге орыс тілі, тарих, экология бойынша білімдер мен дағдылар жиынтығы қажет.

Пререквизиттер

Алынған білім басқа жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді тереңірек зерттеуге негіз болады.

Полученные знания послужат основой для более углубленного изучения других общепрофессиональных и специальных дисциплин

Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тараулар мен тақырыптар атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Сабақ	
			Теориялық	Практикалық
I Бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс		4	2	2
1.	Тақырып 1. Еңбек нарығы. Мамандықты таңдау – болашақты таңдау	2	1	1
2.	Тақырып 2. Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы. Теміржолшы әңгімесі. Еңбек ер атандырады. Түрксіб теміржолшы	2	1	1
II Бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі		4	2	2
3.	Тақырып 3. Отандық өнім – ұлт мақтанышы. Еліміздегі өнеркәсіптің дамуы. Қарағанды – өнеркәсіптік аймақ. Ғабиден Мұстафин. «Қарағанды» романы	2	1	1
4.	Тақырып 4. Еңбек адамдары. Қарағанды шахтасы. Қарағандыға көмек. Сұранысқа ие өнеркәсіп өнімдері	2	1	1
III Бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті		6	3	3
5.	Тақырып 5. Кино – өнер саласы Қазақ кино әлемі	2	1	1
6.	Тақырып 6. Театр өнері. Дулат Исабеков «Әпке» пьесасы	2	1	1
7.	Тақырып 7. Отбасы мүшелері. Отбасындағы қуаныш	2	1	1
IV Бөлім. Ұлттық экологиялық мәдениет		6	3	3
8.	Тақырып 8. Экологиялық апат. Арал теңізінің жай-күйі	2	1	1
9.	Тақырып 9. Қадыр Мәрза Әлі. «Аралым» өлеңі. Арал экологиясын жақсарту	2	1	1
10.	Тақырып 10. Дала экожүйесі. Адам мен табиғат – егіз ұғым	2	1	1
V Бөлім. Мұхит – тіршілік мекені		6	3	3
11.	Тақырып 11. Әлемдік мұхиттың маңызы. Орталық Азия су аймағы. Каспий теңізі	2	1	1
12.	Тақырып 12. Әбдіжәміл Нүрпейісов. «Қан мен тер» романы. Ебейсін қыстауы	2	1	1
13.	Тақырып 13. Әкеден қалған байлық. Райдың оралуы	2	1	1
VI бөлім. Ұлттық таным және мерекелер		4	2	2

14.	Тақырып 14. Ұлттық таным. Жүсіпбек Аймауытов. «Әнші» әңгімесі	2	1	1
15.	Тақырып 15. Наурыз – ұлттық мейрам. Дінаралық келісім – қоғам тұрақтылығының кепілі. Айт – құтты мереке. Еліміздегі діни мерекелер	2	1	1
VII бөлім. Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда		6	3	3
16.	Тақырып 16. Ыбырай Алтынсарин. «Дүние қалай етсең табылады? «Еңбек бәрін жеңбек».	2	1	1
17.	Тақырып 17. Екіжақты сауданың мағызы. Дүниежүзілік сауда ұйымы және Қазақстан	2	1	1
18.	Тақырып 18. Экспортқа шығарылған өнімдер. Сапалы өнім. Ұлттық тауар биржасы	2	1	1
VIII Бөлім. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне		6	3	3
19.	Тақырып 19. Қоғамдағы әйел-аналардың рөлі. Қазақтың алғашқы экран патшайымдары.	2	1	1
20.	Тақырып 20. Баспасөз қызметіндегі әйелдер. Нәзипа Құлжанова – қазақтың қайраткер қызы	2	1	1
21.	Тақырып 21. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары. Қазақ журналистикасы және ондағы қыздар үлесі	2	1	1
IX бөлім. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар		6	3	3
22.	Тақырып 22. Қауіпті қалдықтар – ғасыр мәселесі. Қайнар Олжай. «Жер мен аспан» очеркі	2	1	1
23.	Тақырып 23. Шетелдік үздік тәжірибелер. Тұрмыстық қалдықтың қайта өндеудің пайдасы	2	1	1
24.	Тақырып 24. Думан Рамазан. «Соңғы дем» әңгімесі. Зымыранның залалы	2	1	1
X Бөлім. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек		4	2	2
25.	Тақырып 25. Ұлықбек Есдәул. «Қара пима» поэмасы. Өзекті өртеген өкініш	2	1	1
26.	Тақырып 26. Жасөспірімдер құқығы. Білімнің артықшылығы .Әлем балаларының өмір салты	2	1	1
XI Бөлім. Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы		6	3	3
27.	Тақырып 27. Бердібек Соқпақбаев. «Он алты жасар чемпион» (әңгіме). Шынықсаң – шымыр боласың	2	1	1
28.	Тақырып 28. Шешуші айқас. Спорт – денсаулық кепілі	2	1	1
29.	Тақырып 29. Дұрыс тамақтанудың пайдасы.Саламатты өмір салты	2	1	1
XII Бөлім. Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік		6	3	3
30.	Тақырып 30. Сандық технология. Компьютер мен ғаламтордың пайдасы мен зияны	2	1	1
31.	Тақырып 31. Ауыл мен қала айырмашылығы. Компьютерлік ойындар қатері	2	1	1

32.	Тақырып 32. Мұхтар Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар». Ұлттық рух – ұлт тірегі	2	1	1
XIII Бөлім. Қоғам және заң		6	3	3
33.	Тақырып 33. Ермек Өтетілеуұлы. «Ата Заң» өлеңі. Дала заңдары	2	1	1
34.	Тақырып 34. Шешендік сөздер. Қылмыс пен жаза	2	1	1
35.	Тақырып 35. Қылмысқа жол жоқ	2	1	1
XIV Бөлім. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік		6	3	3
36.	Тақырып 36. Әлеуметтік теңсіздік. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік құрылым. Тарихта орын алған әділетсіздік. Адамзатқа қарсы жасалған қылмыс.	2	1	1
37.	Тақырып 37. Екі достың әңгімесі. Ауыл тыныс-тіршілігі. Бүгінгі ауылдың жай-күйі. Қаланың жаңа келбеті.	2	1	1
38.	Тақырып 38. Баспана мәселесі. Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі. Жалға берген пәтердің жайы. Баспана туралы бастама.	2	1	1
XV Бөлім. Экология. Мұнай және атомдық индустрия		6	3	3
39.	Тақырып 39. Қара алтыны халқымның. Маңғыстау ғажайыптары. Ұлы даланың басты байлығы. Мұнайлы өлке.	2	1	1
40.	Тақырып 40. Еңбек – бәрін жеңбек. Каспий тағдыры – халық тағдыры. Мұнай өндірісінің зардабы. Еліміздегі экологиялық жағдай.	2	1	1
41.	Тақырып 41. Қазақстан – ядролық қарудан бас тартқан ел. Атом өнеркәсібі. Энергетикалық тапшылық. Қоршаған ортаны қорғау - заман талабы.	2	1	1
XVI Бөлім. Тіл. Өнер. Әдебиет.		6	3	3
42.	Тақырып 42. Тіл және адам болмысы. Тілдің маңызы. Тілді дұрыс қолдана білу – жауапкершілік. Сөйлеу мәдениеті.	2	1	1
43.	Тақырып 43. Сөз өнері. Шешеннің сөзі – өнеге. Күй аспаптары. Ілияс Жансүгіров. «Күй» поэмасы (үзінді).	2	1	1
44.	Тақырып 44. «Бозінген» күйі. Күй әсері. Жас қобызшы Ақерке. Қазақ киносының анасы.	2	1	1
XVII Бөлім. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі		6	3	3
45.	Тақырып 45. Еңбек – игіліктің көзі. Әлемдегі жұмыссыздық мәселесі. Ғылыми-техникалық революцияның маңызы. Роботтардың мүмкіндіктері.	2	1	1
46.	Тақырып 46. қазақстандағы жұмыссыздық мәселесі. Жұмыскердің өкініші. Жұмыс іздеу тәсілдері. Жұмыспен қамту мәселелері.	2	1	1
47.	Тақырып 47. Шағын және орта кәсіпкерлік. Жетістік сыры. Жас келсе, іске. Ыбырай Алтынсарин. «Атымтай Жомарт» әңгімесі.	2	1	1
XVIII Бөлім. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі		6	3	3
48.	Тақырып 48. Тәуелсіздік – ел мұраты. Ұлт тарихы. Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер.	2	1	1

	Азаттықтың астанасы.			
49.	Тақырып 49. Білімді ұрпақ – іргелі елдің кепілі. Өмірі өнегеден тұратын ақ әже. Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана» (хикаят). Оқыс хабар.	2	1	1
50.	Тақырып 50. Озат сауыншы. Асыл тұлға. Өнегелі тағылым. Естен кетпес кездесу.	2	1	1
XIX Бөлім. Ұлттық театр – өнер ордасы		6	3	3
51.	Тақырып 51. Театр – өнер айнасы. Ұлттық театр. алғашқы қойылымдар. Театр – ұжымдық өнер. Парижді таңғалдырған өнер ордасы.	2	1	1
52.	Тақырып 52. Сәбит Оразбай – театр шебері. Актерлік өнердің қыр – сыры. Балуан шолақ. Актерлік шеберлік. Театр тарландары.	2	1	1
53.	Тақырып 53. Ұстаздың ұлы келбеті. Өз кәсібіннің хас шебері. Жолда. Театрдағы әсер. Халықаралық театр фестивалі.	2	1	1
XX Бөлім. Туризм: Экотуризм		4	2	2
54.	Тақырып 54. Қазақстандағы туризм мәселесі. Қазақстандағы туристік нысандар. «Алтынемел» ұлттық саябағы. Ұлттық туристік өнім. Қазіргі экологиялық ахуал. Бурабай – ғажайып мекен.	2	1	1
55.	Тақырып 55. Түйенің киесі. Оқжетпес шыңы. Тұтқын қыз. Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы. Жетісу өзендері. Жетісудағы жан-жануар.	2	1	1
XXI Бөлім. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі		6	3	3
56.	Тақырып 56. Ерлер мен әйелдер теңдігі. Қазақ тарихындағы тұңғыш әйелдер. Кәсібін дөңгелеткен ана. Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны.	2	1	1
57.	Тақырып 57. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы. әке мінезі. Ана құшағы. әже өнегесі.	2	1	1
58.	Тақырып 58. Күйеу жігіт. Ән құдіреті. Артық білім кітапта. Ақын өсиеті.	2	1	1
XII Бөлім. Жастар мәселесінің түйіткілдері		4	2	2
59.	Тақырып 59. Болашақ - жастар қолында. Мен жастарға сенемін. Жас дарын. Абай аға. Ақын шәкірттері.	2	1	1
60.	Тақырып 60. Әке мен бала. Күтпеген қонақтар. Әсемпаз болма әрнеге. Өмір жыры. Абай жолы.	2	1	1
XXIII Бөлім. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты		6	3	3
61.	Тақырып 61. Қазақстандағы көші-қон үдерісі. Көші-қон үдерісі – көпқырлы құбылыс. Қабдеш Жұмаділов «Қаздар қайтып барады» повесі. Қиын да ұзақ сапар.	2	1	1
62.	Тақырып 62. Қарттың ерлігі. Атасы мен немересі. Немере қайғысы. Қарттың қуанышы.	2	1	1
63.	Тақырып 63. Ұлы көш. Атажұртқа оралу. Көші-қонның әлеуметтік-демографиялық жағдайы. Көші-қон мәселесін қайта жандандыру.	2	1	1
XXIV Бөлім. Толеранттылық-елбірлігі		6	3	3
64.	Тақырып 64. Толеранттылық деген не? Толеранттылық – тұрақтылық негізі.	2	1	1

	Толеранттылық мәдениетін қалыптастыру. Қазақстан халқы ассамблеясы – татулық пен бірліктің кепілі.			
65.	Тақырып 65. Бірлік түбі – береке. Отаны бірдің тілегі бір. Жұмбақ сапар. Үміт оты.	2	1	1
66.	Тақырып 66. Ана жүрегінің дүрсілі. Қонақт қарсы алу. Қос ананың мұңы. Телі өскен бауырлар.	2	1	1
XXV Бөлім. Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік		4	2	2
67.	Тақырып 67. Қазақстан – тұрақтылық мекені. Ұлттық қауіпсіздіктің мәні. Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатер. Ұлт мұраты – бірлік. Соғыссыз әлем. Қазақстан – бейбітсүйгіш ел.	2	1	1
68.	Тақырып 68. Несіпбек Айтұлы. «Бәйтерек» поэмасы. Елдік жыры. Тәуелсіздікпен атқан таң. Тасқа ойып жазып кеткен өсиет. Бәйтерек – өмір ағашы. Елдікті асқақтатқан Бәйтерек.	2	1	1
XXVI Бөлім. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші		4	2	2
69.	Тақырып 69. Уақыттың маңызы. Қазақстың уақыт өлшемдері. Уақыт және адам. Тайм-менеджмент – уақыт басқару. Әлеуметтік желі – уақыттың жауы.	2	1	1
70.	Тақырып 70. Уақытыңды босқа өткізбе. Уақыт алтыннан да қымбат. Мұқағали Мақатаев. «Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі. Таусылмас менің тағатым. Ұлылардың уақытты қадірлеуі	2	1	1
Пән бойынша барлығы		140	70	70

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

№	Бөлім мазмұны	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі
I Бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс			
1.	<p>Еңбек нарығы және сұраныс. Еңбек нарығының экономиканы көтерудегі тиімділігі. Еңбек нарығының артықшылықтары. Еңбек нарығының жағымды, жағымсыз жақтары. Еңбек нарығының ерекшелігі.</p> <p>Оңаша және ортақ тәуелдеу туралы түсінік. Тәуелдік жалғаулары. Оңаша тәуелдеу мен ортақ тәуелдеу арасындағы айырмашылық.</p>	<p>1)Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіру.</p>	<p>1)Мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады;</p> <p>2)Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздерді орынды пайдаланады;</p> <p>3)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады;</p>
	<p>Кәсіпкерлік – табыс көзі. Кәсіпкер – іскер маман. Кәсіпкерліктің негізгі мақсаты. Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуы. Кәсіп пен мамандық; айырмашылықтары мен ұқсастықтары.Кәсіпкерге қойылатын талаптар. Бизнес-жоспар.</p>	<p>2)Публицистикалық және ғылыми-көпшілік мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау.</p>	<p>1)Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.</p> <p>2)Мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрастырады.</p>
	<p>Зат есім туралы түсінік. Зат есім сұрақтары. Зат есімнің түрленуі. Зат есімнің тәуелденуі.</p> <p>Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім. Отандық өнімдерге деген сұраныс. Экологиялық таза тағамдар. Қазақстандық тауарларды брендке айналдыру.</p>	<p>3)Мәтіндердің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау.</p>	<p>1)Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.</p> <p>2)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдайды;</p> <p>3)Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазады;</p>
	<p>Сөз тіркестері туралы түсінік. Сөздердің байланысу тәсілдері. Сөздердің байланысу түрлері.Сөз тіркестерінің жасалу жолдары.</p>	<p>4)Стильдер ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағынмақала жазу.</p>	<p>1)Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағынмақала жаза біледі;</p> <p>2)Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып, баға береді.</p>
	<p>Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы. Балғабек Қыдырбекұлының шығармашылығы.</p> <p>Индустрия саласына қатысты шығарма. Тарихи оқиға туындысы.</p> <p>Стиль түрлері. Көркем әдебиет стилі. Публицистикалық стильге тән сөз</p>	<p>5)Тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) дұрыс қолдану.</p>	<p>1)Оңаша және ортақ тәуелдеуді қолдана отырып, сөз тіркестері мен сөйлем құрайды.</p> <p>2)Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.</p>

<p>орамдары. Стильдердің жазылу ерекшеліктері.</p> <p>Теміржолшы – тарихи оқиға шежіресі. Қазақстандағы теміржол құрылысының тарихы. Теміржол магистральдары. Тарихи оқиға шежіресі. Мен тұратын аймақтағы теміржол. Кәсіби дәстүр.</p> <p>«Фонетика» сөзінің мағынасы. Фонетиканың зерттеу саласы. Фонетикалық талдау.</p>		
---	--	--

II Бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі

<p>2. Отандық өнімдер. Отандық өнімдерді экспорттау. Отандық өнімдердің сапасы, бағасы.</p> <p>Жарнама туралы түсінік. Жарнаманың қызметі. Жарнама деректемесі. Отандық өнімдерді жарнамалау.</p> <p>Орталық Қазақстан – кенді аймақ. Орталық Қазақстандағы кәсіпорындар. Жезқазған аймағы – түсті металлургия орталығы.</p> <p>Көптік жалғаулары, көптік мәнді есімдер. Көптік жалғауларының жалғануы. Орыс тіліндегі көптік жалғаулардан айырмашылығы.</p> <p>Қарағанды – кеншілер қаласы. Ғ.Мұстафин – қазақтың әйгілі жазушысы. «Қарағанды» романынан үзінді.</p> <p>Қарағанды қаласы. Қарағанды – көмірдің Отаны. Қарағандыдан шығатын отандық өнімдер. Мәтіндегі әлеуметтік-қоғамдық мәселе. «Қарағанды» романының кейіпкерлері. «Қарағанды» романының құндылығы. Қарағанды: кеше және бүгін.</p> <p>Сөз құрамы. Түбір сөз. Жұрнақ, жұрнақ түрлері. Жалғаулар.</p> <p>Публицистикалық стильдің жазылу ерекшелігі. Басқа стильдерден айырмашылығы.</p>	<p>1)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерді ресімдейді (интервью).</p> <p>2)Мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді тірек-схема, менталды карта, презентация түрінде ұсыну.</p> <p>3)Публицистикалық және ғылыми стильдерге сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу.</p> <p>4)Мәтінде қарастырылған мәселеге өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу.</p>	<p>1)Әртүрлі стильдегі мәтіндердің (интервью) құрылымы мен рәсімделуін біледі;</p> <p>2)Графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын түсіндіреді;</p> <p>3)Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.</p> <p>1)Тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап тірек-схема, менталды карта, презентация қорғайды.</p> <p>2)Көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдана алады.</p> <p>1)Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды;</p> <p>2)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтап, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады.</p> <p>1)Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;</p> <p>2)Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазады.</p> <p>3)Көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолданады.</p>
---	--	--

III Бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті

3.	<p>Ұлттық кино өнері. «Қазақфильм» киностудиясы. Қазақ киносының атасы – Шәкен Айманов. Кино майталманының қасиеттері мен еңбектері, сомдаған рөлдері.</p> <p>Хабарландыру жазып үйренеміз. Хабарландыру деректемесі, жазылу ерекшелігі.</p> <p>Қазақстанның мәдени өмірі. Қазақстанның мәдени өмірі. XX ғасырдың басындағы труппалар. Қазақстан театрлары. М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театры.</p> <p>Сөйлем түрлері. Сөйлем түрлерінің жасалуы, тыныс белгілері.</p> <p>Театр фестивальдары. Театр өнері. Театр тарландары. Театр фестивальдары. Театр фестивальдарының мақсаты.</p> <p>Синоним сөздер. Синонимдердің жасалуы. Синонимдік қатардың құрылуы. Синоним мен көп мағыналы сөздердің айырмашылықтары.</p> <p>Қазақ тарихындағы ұлы тұлғалар. Ұлы тұлғаларды сомдау. Тарихи шығармаларды сахналау. Драмалық шығармалар. Қазақ театр режиссерлері.</p> <p>Сұраулы сөйлемдердің жасалуы. Сұрақ қоя білу, тыныс белгісі.</p> <p>Драматург – Дулат Исабеков. Дулат Исабековтің «Әпке» шығармасы. Шығарма кейіпкерлері. Адамзаттық проблема.</p> <p>Мінездеме, мінездеме түрлері. Жақсы, жаман қасиеттер. Мінездеме деректемесі.</p>	<p>1)Автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау.</p> <p>2)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету.</p> <p>3)Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолдану.</p> <p>4)Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп, эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі).</p>	<p>1)Драмалық шығарманы тыңдайды; 2)Драмалық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 3)Мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдайды, астарлы ойды анықтайды.</p> <p>1)Мәтін мазмұны бойынша монолог және диалог құрастырады. 2)Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады;</p> <p>1)Интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады; 2)Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды. 3)Шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады.</p> <p>1)Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды анықтайды; 2)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (эссе) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасайды; 3)Сын есімнің жасалу жолдарын біледі, мәтін құрауда орынды қолданады.</p>	
	IV Бөлім. Ұлттық экологиялық мәдениет			
	4.	<p>Қазақстан экологиясы. Экология мен табиғат құбылыстары. «Табиғат ана». Ұлттық экология бастаулары. Экожүйені қорғау.</p> <p>Сан есімнің түрлері. Сан есімдердің жасалуы. Сан есімдердің сөйлемдегі қызметі.</p> <p>Экологиялық мәдениет және тыйым</p>	<p>1)Поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.</p>	<p>1)Мәтіннің негізгі идеясын (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілейді), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіреді; 2)Поэзиялық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 3)Сан есімнің жасалу жолдарын біледі; 4)Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілеу).</p>

	сөздер.Экологиялық мәдениетке тыйым сөздердің қатысы. «Экология» сөзінің этимологиясы. Қазақ халқының наным-сенімдері. Табиғатқа қатысты мақал-мәтелдер мен тыйым сөздер.	2)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау.	1)Сөз әдеби мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады; 2)«Пікірталас -монолог», «пікірталас-диалог», «пікірталас-полилог» түрлерінде сенімді және еркін сөйлейді; 3)Сан есімнің жасалу жолдарын біледі, мәтін құрауда орынды қолданады.
	Тыйым сөздер мен ырымдар. Тыйым сөздердің жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы.	3)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (тезис) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау.	1)Мәтіндердің (тезис) құрылымы мен рәсімделуін меңгереді, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдайды; 2)Тақырыпқа байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасайды.
	Экология және кәсіби маман мәдениеті. Адам мен табиғаттың байланысы. Экология мәселелері. Ғаламдық экологиялық мәселелер. Экология зардабы.	4)Тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис жазу.	1)Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис жазады; 2)Тезис жазуда тыныс белгілерін қолдана біледі.
	Сөз тіркестері. Сөз тіркестерінің жасалуы. Сөз тіркестерінің түрлері. «Жасыл ел», «Жасыл белдеу» бағдарламалары. «Жасыл ел» бағдарламасының мақсаты. «Жасыл белдеу» жобасы. Қазақстандық экологиялық мәселелер.	5)Сан есімнің жасалу жолдарын мәтін құрауда орынды қолдану.	1)Сан есімнің жасалу жолдарын ажыратады. 2) Сөйлемдер құрайды.
	Сөз тіркестері. Сөз тіркестерінің жасалуы. Сөз тіркестерінің түрлері. «Жасыл ел», «Жасыл белдеу» бағдарламалары. «Жасыл ел» бағдарламасының мақсаты. «Жасыл белдеу» жобасы. Қазақстандық экологиялық мәселелер.		

V Бөлім. Мұхит – тіршілік мекені

5.	Мұхиттағы жануарлар әлемі. Мұхиттағы өсімдіктер әлемі. Мұхит – тіршілік мекені. Мұхит және экологиялық проблемалар. Әлемдік мұхит – жердегі теңіздер мен мұхиттардың жиынтығы. Тынық мұхиты. Мұхит экологиясы.	1)Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру.	1)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін біледі; 2)Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздерді орынды пайдаланады..
	Есімдік туралы түсінік. Есімдіктің түрлері. Жіктеу есімдіктерінің жіктелу ерекшелігі. Термин сөздер. Әрбір ғылым саласындағы терминдер. Терминдер сөздігі. Көрнекті жазушы - Әбдіжәміл Нұрпейісов. «Қан мен тер» трилогиясы. Романдағы басты кейіпкерлер. Әдеби шығармада	2)Мәтін ішіндегі күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану.	1)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады; 2)Әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын айқындайды; 3)Есімдіктердің жасалу жолдарын

<p>көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе.</p> <p>Жалқы, жалпы есімдер. Жалқы есімдердің жазылуы. «Қан мен тер» романындағы жалқы есімдер. Әбдіжәмил Нұрпейісов - Адамзат тағдырының жыршысы. «Қан мен тер» шығармасының басты тақырыбы. Романда экологиялық проблеманың көтерілуі.</p> <p>Сын есім. Сын есімдердің сөйлемдегі қызметі. Адамды сипаттау, бейнелеу.</p>		<p>мәтін құрауда орынды қолданады;</p> <p>4) Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданады</p>
	<p>3) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау.</p>	<p>1) Баспасөз парағының құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдайды;</p> <p>2) Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды;</p> <p>3) Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған термин сөздердің мағынасын ажырата алады;</p> <p>4) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтап, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады.</p>
	<p>4) Көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе).</p>	<p>1) Тілдік құралдарды орынды қолданып, баспасөз парағын жазады;</p> <p>2) Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады (дискуссивті эссе).</p>
	<p>5) Есімдіктердің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану.</p>	<p>1) Есімдіктердің жасалу жолдарын меңгереді.</p> <p>2) Есімдіктердің жасалу жолдарын ажырата отырып, сөйлемдер құрайды.</p>

VI Бөлім. Ұлттық таным және мерекелер

<p>6. Ұлттық мерекелер. Еліміздегі діни мерекелер. Діни мерекелердің айырмашылықтары мен ұқсастықтары. Рождество мерекесі. Рамазан айы. Айт мерекесі. Айтта айтылатын тілектер.</p> <p>Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдары.</p> <p>«Халық жауы» аталған қазақ қайраткерлері. Жүсіпбек Аймауытов – көрнекті жазушы, драматург. «Әнші» әңгімесі. «Әнші» әңгімесінің сюжеті. Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселе.</p> <p>Тұрақты сөз тіркестері. Тұрақты сөз тіркестерінің түрлері. Шығармада кездесетін тұрақты сөз тіркестері.</p>	<p>1) Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.</p>	<p>1) Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;</p> <p>2) Автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтайды;</p> <p>3) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, интервью) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасайды.</p>
	<p>2) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету.</p>	<p>1) Мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді;</p> <p>2) Интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады;</p> <p>3) Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.</p>

		4)Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.
	3)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, интервью) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау.	1)Мәтіндер бойынша жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы жағынан салыстырмалы талдау жасайды; 2)Шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады; 3)Мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолданады.
	4)Тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу.	1)Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазады; 2)Жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады.
	5) Мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану.	1)Есімше сөздердің қызметін мысалдар келтіру арқылы нақтылайды. 2)Стильдік қызметіне қарай есімше сөздерге мысалдар келтіреді.

VII Бөлім. Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда

7.	<p>Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі.</p> <p>Үстеу. Үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметі. Туынды үстеулер.</p> <p>Екіжақты келісімді сауда.</p> <p>Сауда саясаты. Екіжақты келісімді сауда. Билатеризм. Тараптардың екіжақты келісімі. Сауда мәдениеті және адам құқығы.</p> <p>Сауда мәдениеті және тұтынушы құқығы.</p> <p>Сауда мәдениетін сақтау – басты талап. Тұтынушы талғамы мен талабы. Тұтынушы құқығы. Екіжақты келісім: саудагер мен тұтынушы мәдениеті.</p> <p>Синтаксистің зерттеу саласы. Синтаксистік талдау.</p> <p>Аргументативті эссе.</p> <p>Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең, табылады?». Мақал – мәтелдер. Қазақ балалар әдебиетінің атасы – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай Алтынсариннің Н.Ильминскийге хаты. Бай болудың пайдасы мен зияны. Бай болудың шарттары.</p>	<p>1)Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.</p> <p>2)Мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау.</p> <p>3)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, баспасөз парағы) жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау.</p>	<p>1)Қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын талдайды;</p> <p>2)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін біледі.</p> <p>1)Бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтайды, оған түсініктеме береді;</p> <p>2)Әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын түсіндіреді;</p> <p>3)Жанрлық және тілдік ерекшеліктерін айыра алады;</p> <p>4)Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.</p> <p>1)Мақала, баспасөз парағының жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдайды;</p> <p>2)Мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды;</p> <p>3)Көтерілген мәселе бойынша әртүрлі</p>
----	--	--	--

	<p>Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдер. Жанрлық және тілдік ерекшеліктер.</p>		<p>дереккөздерден алынған мәтіндерді салыстырады; 4) Ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдейді.</p>
		<p>4) Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе).</p>	<p>1) Тиісті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе (аргументативті эссе) жазады; 2) Негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастырады; 3) Мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды.</p>
		<p>5) Үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану.</p>	<p>1) Үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметін, түрлерін ажыратады. 2) Үстеу түрлеріне өз мысалдарын құрайды.</p>
VIII Бөлім. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне			
<p>8.</p>	<p>Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары. Қазақстандағы радиоарналар. Радионың басқа ақпарат құралдарынан артықшылығы. Радионың ерекшеліктері. Қазақ радиосы.</p> <p>Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері.</p> <p>Қазақтың тұңғыш журналист қыздары.</p> <p>Монолог және диалог.</p> <p>Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті.</p> <p>Баспасөз – өмір айнасы. Мерзімді басылымдар - бұқаралық ақпарат құралдары. «Айқап» журналы.</p> <p>Отбасы және гендерлік саясат. Әйелдер мен ер адамдар арасындағы теңдік. Қазақстандағы іскер әйелдер. «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат» тұжырымдамасы. Қазақстандағы әйелдер құқы. Мақал – мәтелдер.</p> <p>Телефон – байланыс құралы. Байланыс – ақпарат алмасу, байланыс құралы. Өнертапқыштар. Ұялы телефонның пайдасы мен зияны.</p>	<p>1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.</p> <p>2) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау.</p> <p>3) Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау.</p> <p>4) Шығармашылық</p>	<p>1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 2) Автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтайды; 3) Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.</p> <p>1) Мәтіндерге сүйеніп монолог және диалог құрап, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді; 2) Интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; 3) Шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады;</p> <p>1) Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды; 2) Мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасайды; 3) Шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданады;</p> <p>1) Шығармашылық жазба</p>

<p>Септік жалғаулары.</p> <p>Қазақтың тұңғыш дикторы.</p> <p>Лазиза Аймашева – қазақ телевизиясының тұңғыш дикторы.</p> <p>Тележүргізушінің сөйлеу мәнері.</p>	<p>жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу.</p>	<p>жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады;</p> <p>2)Кажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп, эссе жазады («келісу, келіспеу» эссесі);</p> <p>3)Мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасайды.</p>
	<p>5)Шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану.</p>	<p>1)Шылаулардың сөйлемдегі қызметін, түрлерін ажыратады.</p> <p>2)Мысалдар келтіру арқылы шылаудың сөйлемдегі қызметін түсіндіреді.</p>

IX Бөлім. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар

<p>9. Тұрмыстық қалдықтар.</p> <p>Жер планетасындағы қауіпті тұрмыстық қалдықтар. Тұрмыстық қалдықтардың қоршаған орта мен адам денсаулығына келтіретін залалы. Тұрмыстық қалдықтар – әлемдегі үлкен проблема.</p> <p>Қалдықтардың жойылу мерзімі.</p> <p>Сөздердің байланысу түрлері. Сөздердің байланысу түрлерінің жасалу жолдары, ерекшеліктері.</p> <p>Өндірістік қалдықтар. Қауіпті қалдықтар.</p> <p>Қалдықтар – табиғи шикізатты өңдеу нәтижесінде пайда болатын жарамсыз заттар. Өндірістік қалдықтар. Қалдықтардың пайда болуы. Қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру. Қоқысты өңдеу. Семей полигоны. Радиоактивті, биологиялық қалдықтар. Атом электр стансылары. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі. Тұрмыстық қалдықтарды азайту жолдары.</p> <p>Сөз тіркестерінің байланысу түрлері: меңгеру, қабысу, жанасу, матасу.</p> <p>Қайнар Олжай. «Жер мен аспан арасындағы дастан».</p> <p>Полиэтилен, целлофан, пакеттердің, пластик бұйымдардың зияны. Жер ғаламшарындағы қауіпті қалдықтар.</p> <p>Қазақстандағы экологиялық аймақтар. Қазақстандағы полигондар. Семей ядролық полигонының зардаптары. Думан Рамазанның «Соңғы дем» әңгімесі. Әңгімедегі полигон</p>	<p>1)Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.</p>	<p>1)Прозалық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;</p> <p>2)Негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша конспектілейді, жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіреді;</p> <p>3)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады.</p>
	<p>2)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану.</p>	<p>1)Мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады;</p> <p>2)Мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтайды, оған түсініктеме береді.</p>
	<p>3)Мәтіндер (мақала, тезис) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы)талдау жасау.</p>	<p>1)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, тезис) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасайды;</p> <p>2)Деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды;</p> <p>3)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады;</p> <p>4)Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады.</p>
	<p>4)Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және</p>	<p>1)Деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды;</p>

<p>зардаптары.</p> <p>Сөз тіркестерінің байланысу түрлерін қайталау.</p>	<p>стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу.</p>	<p>2)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастырады;</p> <p>3)Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазады.</p>
	<p>5)Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану.</p>	<p>1)Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады;</p> <p>2)Күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрайды..</p>

X Бөлім. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек

<p>10. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік топтар.</p> <p>Адамдардың әлеуметтік теңсіздігі. Ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздік.Әлеуметтік жіктелу – кез келген қоғамға тән құбылыс. Жоғары тап. Орта тап. Жұмысшы табы.</p> <p>Төменгі тап. Антоним сөздер. Фразеологиялық антонимдер.</p> <p>Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік.</p> <p>Еңбек нарығындағы жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың түрлері. Жұмыссыздық мәселесін шешу жолдары.</p> <p>Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі.</p> <p>Ұлықбек Есдәулет – ақын, қайраткер, журналист, ҚР жазушылар Одағының төрағасы. «Қара пима» поэмасы. Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе. Отбасы трагедиясы. Маскүнемдік.</p> <p>Тыйым сөздер мен мақал – мәтелдер.</p>	<p>1)Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын ажырату.</p>	<p>1)Мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтайды;</p> <p>2)Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.</p>
	<p>2)Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.</p>	<p>3)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тындаушыға әсер етеді.</p> <p>2)Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды;</p> <p>3)Тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсынады (тірек-схема, менталды карта, презентация);</p> <p>4)Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.</p>
	<p>3)Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау.</p>	<p>1)Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды;</p> <p>2)Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды;</p> <p>3)Пікірталастың «пікірталас-монолог», «пікірталас-диалог», «пікірталас-полилог» түрлерінде сенімді және еркін сөйлейді.</p>
	<p>4)Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды</p>	<p>4)Мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе,</p>

	қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе).	аргументативті эссе); 2)Мәтінге жоспар құрады, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап тірек-схема, менталды карта, презентация түрінде ұсынады.
	5) Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану.	1)Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін мысалдар келтіре отырып, ерекшеліктерін ажыратады; 2)Мәтіннен сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін анықтайды.

XI Бөлім. Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы

11.	Нашақорлық – қоғамдық дерт. Жастардың денсаулығы – қоғам байлығы. Салауатты өмір салтын ұстану. 26 маусым - Халықаралық нашақорлықпен күрес күні. «Біз есірткіге қарсымыз».	1)Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.	1)Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 2)Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 3)Ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды.
	Құрмалас сөйлемдер. Құрмалас сөйлемдердің түрлері. Құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары.	2)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану.	1)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады; 2)Мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтап, түсініктеме береді.
